



Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 сәуір N 391а. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1998.09.23. N 934 қаулысымен. ~P980934

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 38 P980038_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 29 сәуірдегі
N 391а Қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру және олардың айналымы саласында мемлекеттік бақылауды нығайту және ретке келтіру.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру және олардың айналымы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу, бақылауды және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет пен оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитеттің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің құрылымын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

5. Комитет занды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен бланкілері болады.

2. Басымдықтары

6. Комитет өзінің қызметінде мынадай басымдықтарды:

1) қазақстандық тауар өндірушілер мен этиль спирті және алкогольді өнімдерді тұтынушылардың мұдделерін қорғауды;

2) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндірудің, айналымының, импортының және экспорттының есебін жүргізу мен көлеміне бақылау жасауды қамтамасыз етуді басшылыққа алады.

3. Негізгі міндеттері

7. Комитеттің өз қызметінің аясындағы негізгі міндеттері:

1) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бірынғай бақылау жүйесін құру;

3) мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуши субъектілердің этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асыру болып табылады.

4. Комитеттің функциялары

8. Комитеттің функциялары:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау мәселелеріндегі қызметін салааралық үйлестіру;

2) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау мен нормативтік реттеуді жүзеге асыру;

3) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруді лицензиялау, этиль спиртін сақтау және сату, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме сату, берілген, тоқтатыла тұрылған және тоқтатылған лицензиялардың мемлекеттік тізілімдемесін жүргізу;

4) этиль спирті мен арақтың импортын бақылау және лицензиялау, этиль спирті мен арақтың көлемдерін лицензияларды алуға өтінім білдірушілердің арасында конкурстық орналастыру, республиканың өндірістері өндірген этиль спирті көлемдерінің қозғалысына бақылау жасау;

5) этиль спиртін дәрі-дәрмектер препараттарын шығарушыларға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелеріне акциздер алмасатын берудің көлемдерін белгілеу, оның пайдаланылуына бақылау жасау;

6) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндірудің көлемдеріне есеп жүргізуді үйымдастыру, этиль спиртін сақтау және сату, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме сату;

7) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруді және олардың айналымын талдау және балансын жасау;

8) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсыну;

9) өз құзыретінің шегінде этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау жөніндегі нормативтік және әдістемелік құжаттамаларды өзірлеу, қабылдау, шығару және мүдделі мемлекеттік органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге жеткізу болып табылады.

5. Құқықтары

9. Комитет пен оның аумақтық органдарының өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруы кезінде:

1) алкогольді өнімдерді өндіру, олардың айналымы және сапасы саласында бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ заңдарға сәйкес тәртіп бұзушыларға ықпал ету шараларын қолдануға;

2) бақыланатын объектілерде технологиялық процестердің, этиль спирті мен алкогольді өнімдердің сақталуының және айналымының нормалары мен ережелерінің сақталуын тексеруге;

3) өз құзыретінің шегінде этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау жөніндегі нормативтік және методологиялық құжаттамаларды өзірлеуге, қабылдауға, тиісті мемлекеттік органдар мен заңды тұлғаларға жеткізуге, оның атқарылуын тексеруді жүзеге асыруға және атқару үшін міндетті нұсқаулар беруге;

4) этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау мәселелері жөнінде белгіленген тәртіппе мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндірудің және олардың айналымының баласын жасау үшін мәліметті қоса алғанда ақпарат сұратуға және алуға;

5) белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныс енгізуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруді, этиль спиртін сақтауды және сатуды, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауды және көтерме сатуды лицензиялауды жүзеге асыруға;

7) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу жөнінде ұсыныстар мен нормативтік құжаттық актілердің жобаларын енгізуге;

8) этиль спирті мен арақтың импортын лицензиялауға, спирт пен

арактың импортының көлемдерін лицензия алуға өтінім білдірушілердің арасында конкурсстық орналастыруды ұйымдастыруға;

9) этиль спиртін дәрі-дәрмек препараттарын шығарушыларға, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау мекемелеріне және басқа да мақсатты, әлеуметтік маңызы бар бағыттарға акциздер алмастан берудің көлемдерінің квоталарын белгілеуге, олардың пайдаланылуына бақылау жасауға;

10) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының кеден аумағында этиль спирті мен арактың импортының көлемін реттеуге;

11) лицензиялау субъектісіне ұсынылатын лицензиялық ережелерді өзірлеуге;

12) лицензия беру алдында ұйымдарды тексеру жөнінде жұмыстар жүргізуудің және қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттарын белгілеуге;

13) республиканың кәсіпорындары өндірғен этиль спирті көлемдерінің қозғалысын бақылауға;

14) өз өкілеттігінің бір бөлігін аумақтық органдарға беруге;

15) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқығы бар.

6. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

10. Комитет пен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеттің бірыңғай жүйесін құрайды.

11. Комитет туралы ереже мен оның құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын төраға басқарады.

13. Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын орынбасары болады.

14. Комитеттің төрағасы:

- 1) өзінің орынбасары мен Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;
- 2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітетін номенклатуралық лауазымдарға сәйкес Комитет пен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін қызметке тағайындастын және қызметтен босатады;
- 3) тәртіптік жаза қолданады;
- 4) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;
- 5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық

органдары туралы ережелерді бекітеді;

- 6) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;
- 7) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша қызметін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 29 сәуірдегі
N 391а Қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына
мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеттің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасауды үйлестіру және нормативтік реттеу бөлімі

Этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге, импортына, сақтауға және сатуға бақылау жасау және лицензиялау басқармасы

Этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндірудің және олардың айналымының есебі мен баланстары бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК